**Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 20 желтоқсандағы N 1946 қаулысына өзгерістер енгізу туралы**

***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 28 желтоқсандағы N 1340 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 20 сәуірдегі № 429 Қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2011.04.20 № 429 Қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанынан Жоғары ғылыми-техникалық комиссия құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 20 желтоқсандағы N 1946 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮАЖ-ы, 1999 ж., N 57, 551-құжат) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссияның құрамына мыналар енгізілсін:

Оңғарбаев Еркін Әнуарұлы - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Ғылым комитетінің төрағасы

Бозымбаев Қанат Алдабергенұлы - "Самұрық" мемлекеттік активтерді басқару жөніндегі қазақстандық холдингі" акционерлік қоғамының басқарма төрағасы (келісім бойынша);

мына:

"Сұлтанов Куаныш Сұлтанұлы - Қазақстан Республикасының Парламенті Сенатының депутаты, Әлеуметтік-мәдени даму комитетінің төрағасы

Сағадиев Кенжеғали Әбенұлы - Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің депутаты, Қаржы және бюджет комитетінің төрағасы

Куанғанов Фархад Шаймұратұлы - Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңсесі Басшысының орынбасары

Жантаев Жұмабек Шабденамұлы - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Ғылым комитеті "Астрофизикалық

зерттеулер орталығы" республикалық мемлекеттік кәсіпорнының бас директоры

Сүлейменов Ербол Зинаддинұлы - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Ғылым комитеті "Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылыми-техникалық ақпарат орталығы" республикалық мемлекеттік кәсіпорнының бас директоры

Дробжев Виктор Иванович - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Ғылым комитетінің "Астрофизикалық зерттеулер орталығы" республикалық мемлекеттік кәсіпорнының Ионосфера институтының директоры

Бектұрғанов Нұралы Сұлтанұлы - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Ғылым комитеті "Жер туралы ғылымдар, металлургия және кен байыту орталығы" республикалық мемлекеттік кәсіпорнының бас директоры

Жұмағұлов Бақытжан Тұрсынұлы - "Қазақстан Республикасының Ұлттық инженерлік академиясы" қоғамдық бірлестігінің президенті

Перуашев Азат Тұрлыбекұлы - "Атамекен" Қазақстан кәсіпкерлері мен жұмыс берушілерінің жалпыұлттық одағы" заңды тұлғалар бірлестігінің басқарма төрағасы "

деген жолдар мынадай редакцияда жазылсын:

"Сұлтанов Қуаныш Сұлтанұлы - Қазақстан Республикасының Парламенті Сенатының депутаты, Халықаралық қатынастар, қорғаныс және қауіпсіздік комитетінің төрағасы (келісім бойынша)

Сағадиев Кенжеғали Әбенұлы - Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің депутаты (келісім бойынша)

Қуанғанов Фархад Шаймұратұлы - Қазақстан Республикасының Білім және ғылым вице-министрі

Жантаев Жұмабек Шабденамұлы - Қазақстан Республикасы Ұлттық ғарыш агенттігі "Астрофизикалық зерттеулер

орталығы" республикалық мемлекеттік кәсіпорнының бас директоры

Сүлейменов Ербол Зинаддинұлы - "Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылыми-техникалық ақпарат орталығы" акционерлік қоғамының президенті (келісім бойынша)

Дробжев Виктор Иванович - Қазақстан Республикасы Ұлттық ғарыш агенттігінің "Астрофизикалық зерттеулер орталығы" республикалық мемлекеттік кәсіпорны Ионосфера институтының директоры

Бектұрғанов Нұралы Сұлтанұлы - "Жер туралы ғылымдар, металлургия және кен байыту орталығы" акционерлік қоғамының президенті (келісім бойынша)

Жұмағұлов Бақытжан Тұрсынұлы - Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі Төрағасының орынбасары (келісім бойынша)

Перуашев Азат Тұрлыбекұлы - "Атамекен" Одағы" ұлттық экономикалық палатасының басқарма төрағасы (келісім бойынша)";

көрсетілген құрамнан Әбдімомынов Азамат Құрманбекұлы, Рамазанов Тілекқабыл Сәбитұлы, Мыңбаев Сауат Мұхаметбайұлы шығарылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК